

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын кірістер түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 12 наурыздағы N 205. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын кірістер түрінің тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 1 2 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 0 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын кірістер түрлерінің ТІЗБЕСІ

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын кірістердің түрлеріне Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықта міндетті зейнетақы жарналары есептелетін кірістердің б а р л ы қ т ү р л е р і :

жалақының барлық түрін қоса есептегенде еңбекақы түрінде алынатын кірістер, сондай-ақ жалақы қорына кіретін, жұмыс істелмеген уақыт үшін заңдарға сәйкес қызметкерлерге есептелген ақша сомасын қоса алғанда, ақшадай және заттай нысанда есептелген (қаржыландыру көзіне қарамастан) түрлі сыйақылар, қосымша ақылар, үстеме ақылар және жекелеген әлеуметтік ж е ң і л д і к т е р ;

негізгі қаражатты, олардың қондырғыларын алу жөніндегі шығындарды және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 46-бабына сәйкес күрделі сипаттағы басқа да шығындарды, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорларына және жинақтаушы

зейнетақы қорларына міндетті жарналар мен аударымдарды алып тастағандағы, заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысушы жеке адамдардың жиынтық кірісі;

патенттер бойынша заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын жеке адамдарға арналған патенттің мөлшері айқындалып, көзделініп алынатын кіріс жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК